

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті

Презентация

Тақырыбы: Қимылды қамтамасыз ететін
нейрофизиологиялық үрдістер

Орындаған: Байжанова Б.Б
Қабылдаған: Раимкулов Б.Н

Алматы 2015

ЖОСПАР


- Рефлексдер, рефлекторлық доға, оның құрылымы
- Физиологиялық және патологиялық рефлексдер, түрлері, зерттеу әдістері
- Парез және паралич, түрлері
- Әдебиеттер



*Рефлекс*тер- (лат.reflexus- тойтарыс беру, тітіркенгішке жауап беру) орталық нерв жүйесінің сыртқы немесе ішкі тітіркендіргіштерге беретін күрделі жауабы.Рефлекстің морфологиялық негізі- рефлекстік доға болып табылады. Рефлекстік доға қозу импульстерін рецептордан орталық нерв жүйесіне, одан орындаушы ағзаға жеткізетін жол.



Рефлекторная дуга соматического рефлекса вегетативного рефлекса



Рефлексдер түрлері

Рефлексдер И.П.Павловтың зерттеуі бойынша шартты және шартсыз рефлексдер болып бөлінеді.

- Шартсыз рефлексдер – туа пайда болған адамның еркіне бағынбайтын рефлексдер (қорғаныш рефлексі, инстинг)
- Шартты рефлексдер- адамның өмір сүру барысында қалыптасады.
- Рецепторлардың орналасуына қарай- интрорецептивтік, экстерорецептивтік және проприорецептивтік.
- Орталық нерв жүйесінде пайда болатын құбылыстар түріне қарай- қоздырушы және тежеуші рефлексдер



ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ РЕФЛЕКСТЕР

- Физиологиялық рефлексдер екіге бөлінеді:

1. Үстірт рефлексдер

- Көздің мөлдір қабығы рефлексі- көздің мөлдір қабығын мақта талшығымен тітіркендіргенде қабақ жұмылады.
- Көздің шырышты қабығы рефлексі- көздің шырышты қабығын мақта талшығымен тітіркендіргенде қабақтың жұмылуы.
- Жұмсақ таңдай рефлексі- қалақша ұшын жұмсақ таңдайға тигізгенде тілшек жоғары көтеріледі.
- Жұтқыншақ рефлексі- жұтқыншаққа қалақшамен жанастырғанда құсу немесе жөтелу қимылы пайда болады.



- Құрсақ аймағы рефлекстері:
- Жоғарғы құрсақ рефлексі- қабырға доғасын жарыстыра тітіркендіргенде құрсақтың жоғарғы бұлшық еттері жиырылуы.
- Орташа құрсақ рефлексі- кіндіктің екі жағын тітіркендіргенде құрсақтың осы аймағындағы бұлшық еттер жиырылады.
- Төменгі құрсақ рефлексі-шап аймағын тітіркендіргенде құрсақтың төменгі бөлігіндегі бұлшық еттердің жиырылуы.
- Кремастер рефлексі- санның ішкі жағын тітіркендіргенде аталық ұрық безінің көтерілуі.
- Табан рефлексі- табанның ішкі және сырт жағын тітіркендіргенде бақайлардың бүгілуі.
- Тік ішек рефлексі- артқы тесік айналасындағы теріні тітіркендіргенде осы тұстағы бұлшық еттердің жиырылуы.



2.Терең рефлекстер

Астыңғы жақ рефлексі- иекке батырылған саусақтың үстінен неврологиялық балғашықпен соққанда шайнау бұлшық еттерінің ширығуы.


Білезік буын рефлексі- кәрі жіліктің шыбығын неврологиялық балғашықпен соққанда қолдың білек тұсының бүгілуі.

Шынтақ жазылу рефлексі-үш басты бұлшық етті неврологиялық балғашықпен соққанда қолдың шынтақтан жазылуы.

Шынтақ бүгілу рефлексі- екі басты бұлшық еттің сіңірін неврологиялық балғашықпен соққанда қолдың шынтақтан бүгілуі.

Тізе рефлексі- тобықты неврологиялық балғашықпен соққанда аяқтың тізеден жазылуы.

Өкше рефлексі-өкше сіңірін
соққанда табанның жа



ПАТОЛОГИЯЛЫҚ РЕФЛЕКСТЕР

- Ауыз рефлексі- неврологиялық балғашықпен төменгі немесе жоғарғы ерінді ақырындап соққанда ауыздың дөңгелек бұлшық еттерінің жиырылуы.
- Мұрын-ерін рефлексі- мұрын ұшын неврологиялық балғашықпен ақырын соққанда ерін бұлшық еттері жиырылуы.
- Маринеску-Радовичи рефлексі- бас бармақ томпағын сызып тітіркендіргенде иек бұлшық етінің жиырылуы.
- Россолимо симптомы- дәрігер саусақтарының ұшымен бұгулі II-IV саусақтарының ұшын соққылағанда байқалады.
- Жуковский-алақан ортасынан неврологиялық балғашықпен соққанда көрінеді.



АЯҚТЫҢ ЖАЗЫЛУ РЕФЛЕКСТЕРІ


Бабинский рефлексі-табан астын сырт жағынан үшкір нәрсемен тітіркендіргенде бақайшықтар жазылады.

Оппенгейм-бас бармақты жіліншіктің қырын баса жоғарыдан төмен қарай жүргізу арқылы анықталады.

Гордон-сырқаттың балтырын қысқан кезде бақайшықтарының жазылуы.

Шеффер- өкше сіңірін қатты шаншып қысу арқылы анықталады.

Гросман рефлексі- аяқтың кішкене бақайын тартып созғанда аяқ бақайшықтары жазылады.



АЯҚТЫҢ БҮГІЛУ РЕФЛЕКСТЕРІ

- Бехтерев I рефлексі- аяқ ұшының үстін IV бақай тұсында балғамен соққанда бақайшықтар бүгіледі.
- Бехтерев II рефлексі- өкше немесе бас бармақ томпағынан неврологиялық балғамен соққанда саусақтардың бүгілуі.
- Жуковский рефлексі- табанның саусақтарға жақын тұсынан неврологиялық балғамен соққанда саусақтардың бүгілуі.



Бұлшық еттің күшінің өзгерулері:

- 1) Сал болу немесе парез
- 2) бұлшық ет күшінің әлсіреуі немесе парез.

Бұлардың мынадай варианттары бар:

Монопарез - бір аяқ немесе қолдың сал болуы.

Монопарез - бір аяқ немесе қолдың әлсіреуі

Парапарез - екі қолдың немесе екі аяқтың сал болуы.

Парапарез - екі қолдың немесе екі аяқтың әлсіреуі

Гемипарез - дененің бір жақтың сал болуы.

Гемипарез - дененің бір жақтың әлсіреуі.

Тетрапарез - дененің екі жақты сал болуы.

Тетрапарез - дененің екі жақты әлсіреуі.



- Параплегия (греч. paraplegie, para — жақын, plege — соққы) — екі аяқтың (paraplegia inferior) немесе екі қолдың (paraplegia superior) салдануы. Параплегия орталық нерв жүйесінің органикалық зақымдануынан (органикалық П.) немесе психогенді бұзылыстар әсерінен пайда болады. (психогенді, көп бөлігі истериялық П.).



Гемипарез



Верхний парапарез



Нижний парапарез





Монопарез



Параплегияның себептері:

- миелопатии яғни жұлынның зақымдануы (остеохондроз)
- Травмалар
- Ісіктер



НЕГІЗГІ СИМПТОМДАРЫ

- Зақымданған аймақта сезімталдықтың бұзылуы
- Аяқ немесе қолдағы ауру сезімі
- Бұлшық еттердің әлсіздігі
- Аяқты немесе қолды жазу мен бүгудің қиындауы
- Зақымданған аймақтарда рефлексстің төмендеуі



ДИАГНОСТИКАСЫ МЕН ЕМІ

- Анализ крови.
 - Анализ мочи.
 - Ликворды тексеру.
 - КТ
 - МРТ
 - Миелография
-
- Негізгі себебін анықтау
 - Массаж
 - Емдік физкультура
 - Физио ем қабылдау



Әдебиеттер:

- 1.С.Қайшыбаев- Неврология
- А.А. Тайжан Невропатология негідері, 2011ж.
- 2. С. Жұмабаев. Жас ерекшелік физиологиясы мен мектеп гигиенасы. А., 1996ж.
- 3. М.. Нұрышев «Адам анатомиясы» оқулық, А. Қарасай, 2006 348 бет

